

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

8. Мустафина Р.М. Представления, культуры, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX–XX веков). – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 176 с.
9. Аширов Н. Эволюция ислама в СССР. – М.: Политиздат, 1972. – 152 с.
10. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). В 5-ти томах. Алма-Ата: Наука КазССР, 1981. – Т. 5. – 696 с.
11. Законодательство о религиозных культах/ сост. Гольст Г.Р., Новчин Д.М.; под общ. ред.: Куроедов В.А., Панкратова А.С. – М., 1969. – 262 с.
12. Романовская В.Б. Правовые аспекты взаимоотношений Советского государства и конфессий

УДК 961/959 (5Каз)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ (XX ҒАСЫРДЫҢ 20-40 ЖЖ.)

Караман Алмат Алтынбайұлы

kumaen@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Тарих» мамандығының магистранты Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: А.М.Жаркенова

Қазақстан өткен ғасырда күрделі этнодемографиялық өзгерістерді бастан өткерген. XX ғасыр басында қазақ халқы негізгі бөлігі көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ауыл тұрғындары болған. Ал ғасыр соңында, урбанизация салдарынан, қала халқы басымырақ мемлекетке айналды. Өткен ғасырда Қазақстанда болған этнодемографиялық үдерістер Қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі кезеңдердегі тарихи жағдайларға тікелей байланысты. Сол замандағы Патша үкіметінің қолдауымен Қазақстанға шаруалар мен әскери-казактарды қоныстандыру саясатының жеделдете жүзеге асырылуы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы мен Қазан төңкерісінен кейінгі «Кіші Қазан төңкерісінің» салдары, 1921-1922 жылдар, 1931-1933 жылдар аштықтары мен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының зардаптары, тың және тыңайған жерлерді игеру нәтижелері еліміздегі қынжылтарлық демографиялық ахуалға еріксіз алып келді. XX ғасырда өткен демографиялық үдерістердің ауқымының кеңдігі мен күрделілігі Қазақстан халқының өсіп-өну тарихын зерттеудің ғылыми және қоғамдық сұранысқа ие, аса өзекті екендігіне еш күмән туғызбайды.

Аталған кезеңдегі Қазақстанның тарихи-демографиялық мәселелеріне қатысты еңбектерден алдымен А.Н.Доництың зерттеуін атауға болады. 1926 жылғы бірінші Бүкілодақтық санаққа арналған мақаласында автор Қазақстандағы халық санын 6 507 077 адам деп көрсете отырып, санақпен барлық халықтың толық қамтылмағандығын атап өтеді. Жалпы Қазақстан бойынша басым ұлттардан қазақтар 57,4 %, орыстар 19,8 %, украиндар 13,2 % деп көрсетеді[1]. Сонымен бірге 1924-1927 жылдардағы республикадағы ауыл халқының табиғи өсімін қарастырған Н.Д.Трублевичтің мақаласында автор ауыл халқының табиғи өсімі 1924 жылы 21,8, 1925 жылы 23,5, 1926 жылы 25, 1927 жылы 27,6 промилльболғанын көрсетіп, оның ұлттар бойынша ерекшеліктерін сипаттайды[2].

Кеңестік дәуірде алғашқылардың бірі болып қазақ халқының саны, құрамы, орналасуы жайында алаш зиялылары - М. Тынышпаев, кейін, Қазақстан демографиялық ахуалына байланысты Т. Шонанұлы, М. Есболұлы жазды. Сондай-ақ, бұл жөнінде М. Шоқайұлы, С. Асфендияров, Т. Рысқұлов, С. Садуақасов сияқты қазақ зиялылары да қалам тартқан. XX ғасырдың 20 жылдарындағы халықтың этникалық құрамы мен саны туралы мәселелерге көңіл бөлген еңбектердің бірі М.Тынышпаевтың еңбегі. Автор еңбекте қазақ этногенезінің,

қазақ жүздерінің шығу тарихын айта келіп, 1917 жылғы қазақ халқының саны туралы мәлімет келтіреді.

А.Н. Дониц пен Н.Д. Трублаевич ұлттар арасындағы табиғи өсімнің әрқелкі көрсеткішке ие болу себептерін түсіндірмей, тек мәліметтер келтірумен шектелді. Одан кейінгі уақытта демография мәселесіне байланысты еңбектер жазылмады. Себебі, кеңестік тоталитарлық жүйе оған мүмкіндік бермей, 1937 жылы халық санағының қорытындысын жариялауға тыйым салып, оған қатынасқан адамдарды ату жазасына жіберді немесе қудалады. Қазақстан халқының 1920-жылдардағы саны мен оның ұлттық құрамы Т.Рысқұловтың 1927 жылы «Қазақстан» және М.О.Әуезовтың 1930 жылы «Қазақстандағы ұлттар» атты жарық көрген еңбектерінде жарияланған. Т.Рысқұлов қазақ халқының 92 % ауылдық жерлерде, 8 % қалада қоныстанған, ауыл халқының 55,2 % қазақтар, 25,3 % орыстар, 9 % украиндықтар, 3,7 % өзбектер, 1,4 % татарлар, 0,8 % немістер, 1,1 % қарақалпақтар, 1,1 % ұйғырлар, 0,9 % қырғыздар деп жазады[3]. Парижде 1935 жылы «Туркестан под властью советов» атты еңбектің авторы М.Шоқай Түркістан өлкесінде ашаршылық құрбандарының санын 1 114000 деп көрсетеді. 1917-1920 жж. тарихи статистикалық материалдарды ғылыми талдау жасаған тарихшы В.А.Семенюта «Общественные науки Узбекистана» деген басылымының 1989 жылғы №12 санында- «Продовольственный кризис в Туркестане в 1917-1918 гг. и его предложение» деген мақаласында осы жылдардағы ашаршылықтан Түркістан өлкесінде халық саны 1 миллионға кемігендігін жазады[4]. 1937 жылы жүргізілген санақ мәліметтері ұзақ уақыт құпия ұсталды. 1937 жылы 6 қаңтарда жүргізілген бір күндік санақта КСРО-дағы халықтың саны 162 003225 адам екендігі анықталған. Санақ қорытындысы сол кездегі КСРО ауқымында күткендегіден әлдеқайда (10 миллионнан астам адам) кем екендігін көрсетті. 1926 жылғы санақпен салыстырғанда, халық саны 15 миллион адамға ғана өскен, яғни Кеңес халқы осы уақыт аралығында жылына 1 пайызға ғана өсіп отырған. Бұл КСРО сынды алып мемлекетте халықтың табиғи өсімімен салыстырғанда адам шығынының көп болғандығын білдіреді. Сондықтан Сталин мен Молотовтың қол қоюымен, Халық Комиссарлар Кеңесі комитетінің арнаулы қаулысымен Санақ қорытындысы жарамсыз деп жарияланады. Сөйтіп, бұл Санақтың қорытындысы жарты ғасырға жуық уақыт құпия болып келген. Бірақ Кеңес Үкіметі жасырған бұл іс шетелдерде саясаткерлер мен қоғамтанушылардың ғылыми-сараптамалық зерттеу еңбектерінен белгілі болды. 1938 жылы Мұстафа Шоқай «Яш Туркестан» журналында жариялаған «Кеңестік Ресейде қанша адам тұрады» деген мақаласында, орыс экономисі және статистика маманы профессор Прокопьевич пен Юрьевскийдің дерек көздеріне сүйеніп, Кеңес Үкіметі жасырған ақиқатты дүние жүзіне паш етті.

Қазақстанның демографиялық тарихына байланысты зерттеу жұмыстары 1960-1980 жылдары Н.Б.Бекмаханова, Ф.Н.Базанова, А.Б.Галиев, Н.В.Алексеев еңбектерімен толық түсті. Тарихшы-демографтар ғылыми айналымға көптеген статистикалық материалдарды, мұрағат деректерін енгізе отырып, халықтың демографиялық дамуы, табиғи, механикалық өсім, ұлттық, әлеуметтік құрамның өзгерістерін қарастырды. Мәселен, Н.В.Бекмаханованың зерттеулері XVIII ғасырдың ортасынан 1917 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Еңбекте халықтың табиғи және механикалық өсімі, қоныстандыру қозғалысы және аталған кезеңдегі Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері зерттеледі. Ф.Н.Базанова кеңестік кезеңдегі Қазақстан халқы құрылымының қалыптасуы және дамуы мәселелерін қарастыра отырып, 1920-1930 жылдардағы индустриялық даму көп ұлтты халықтың қалыптасуына ықпал етті деп көрсетеді. Зерттеуші өзге ұлт өкілдерінің санының ұлғаюы есебінен жергілікті халықтың үлесі қысқарды деп 1930-жылдардағы нәубетті айналып өтеді. Одан әрі 1960-1970 жж. көші - қон үдерістері барысында Маңғышылақты игеруге 12 Одақтас, 11 Автономиялы Республиканың және 4 Автономиялық облыстың өкілдері қатысып, Маңғышылақ халқының қозғалысы орта есеппен 70 %-ға ұлғайды, -деп көрсетеді [5]. Ал А.Б. Галиев өз зерттеуінде 1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағы материалдары,

мұрағаттық және ғылыми зерттеулердің негізінде қазақтар мен орыстардың жыныстық-жастық құрылымына, қазақтардың жанұялық құрылымына, халықтың орналасу географиясына, оның әлеуметтік және кәсіби құрамына талдау жасайды. Зерттеуші ғалым Н.В. Алексеенко өз еңбегінде Қазақстанның тарихи демографиясының маңызды кезеңдерінің бірін қарастыра отырып, көптеген деректер негізінде төңкеріске дейінгі қазақтардың, орыстардың және басқа ұлт өкілдерінің сандық динамикасына тоқталады.

1980-жылдардың аяғы мен 1990-жылдардың басындағы тарихи-демографиялық мазмұндағы еңбектерде Қазақстан халқының нәубет жылдарындағы шығыны, оның себеп-салдары туралы мәселелер көтерілді. Бұлардың қатарына М.Қ.Қозыбаев, М.Х.Асылбеков, Ж.Б.Абылхожин, М.Б. Тәтімов, М.Н.Сдыков, В.В.Козина, А.Н.Алексеенконың еңбектерін жатқызуға болады. Авторлар жыл сайынғы табиғи өсімді салыстырмалы тарихи тұрғыдан зерделеген.

Зерттеу жұмысымыздағы басты деректердің бірі –Халық Санақтарының статистикалық мәліметтік материалдары. Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңде жүргізілген халық санақтары ішінде 1926, 1937, 1939 жылдардағы Бүкілодақтық халық санақтарының өзіндік орны болды. 1920-1930 жылдардың демографиялық дамуындағы өзгерістерді талдауда аталмыш халық санақтарына сүйенеміз. Зерттеу жұмыстарында пайдаланылған деректердің екінші бір тобы статистикалық материалдар, құжаттар жинағы болып келеді. Кеңестік статистика 1920 жж. басында бірнеше статистикалық жинақтар мен анықтамалықтар шығарды. Олардың бірі 1920 жылғы және одан кейінгі Санақ материалдары негізінде қала мен ауыл халқының құрамына, қозғалысы мен санына, жыныстық – жастық және ұлттық құрылымына қысқаша сипаттама беретін статистикалық материал. Сол сияқты 1880-1922 жж. Республика бойынша Халық санының, мал мен егін көлемінің ұлғаюы мен қозғалысы туралы статистикалық мәліметтердің жинағы. Сондай-ақ 1923 жылғы Ауыл шаруашылығы санағының материалдары.

1931-1933 жылдардағы ашаршылық, күштеп ұжымдастыру және оның демографиялық дамуға тигізген кері салдары М.Б.Тәтімов, Ж.Б.Абылхожин, М.Қ.Қозыбаевтардың бірігіп жазған мақаласында көтеріледі. Сол сияқты 1930-жылдардың басындағы нәубет барысында азайған халық саны туралы мәліметті алғашқылардың бірі болып М.Тәтімов өз еңбектерінің бірінде көрсетеді. Автор 1926 және 1939 жылдардағы санақ мәліметтерін салыстыра отырып, байырғы халықтың шығыны 2 млн. 635 мың адам деп көрсетеді.

Осы аталған тақырыпқа егемендігімізді алғаннан кейін де көптеген зерттеушілер қалам тартып, диссертациялық жұмыстар қорғаған. Атап айтатын болсақ, А.М.Жаркенова [6] еліміздің солтүстік өңіріндегі демографиялық үдерістерді зерттеген болса, М.К.Төлекова 2003 жылы «Жетісу өңірі халқының әлеуметтік-демографиялық дамуы (1897-1999 жж.)» тақырыбына докторлық диссертация қорғады. Ә.Б.Аман 2009 жылы «Батыс Қазақстанның ауыл халқы: тарихи-демографиялық аспект (XX ғасырдың 20-80 жылдары)» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады. «1926-1939 жж. екі санақ аралығында Батыс Қазақстан аумағын мекендеген ауыл халқы орасан зор шығынға ұшырады. Тұрғылықты халықтардың арасында қазақтар қатты зардап шекті. Екі санақ материалдарын салыстырар болсақ Батыс Қазақстан облыстары ауылды елді мекендерінде қазақтардың үлес салмағы 72,8 %-тен 63,2%-ке түсті»[7].

Осы жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстандағы этнодемографиялық ахуалды былай қорытындылауға болады. Әлеуметтік-саяси, экономикалық үдерістер республика халқының құрамында, оның табиғи қозғалысы, көші-қон процестері, әлеуметтік құрылымы және т.б. көрсеткіштерінің өзгерістерінде демографиялық дағдарыс сипатында көрінді. Мысалы, 1937 жылы республика халқы 1926 жылғы санақпен салыстырғанда 1,3 есе, соның ішінде, қазақтар - 1,7 есе, украиндар - 1,6 есе, өзбектер - 1,9 есе, қырғыздар - 2,1 есе, басқа ұлт өкілдері - 1,6 есе кемісе, елге сырттан қоныс аудару саясатының пәрменді жүргізілуіне байланысты орыстар - 1,5 есе, немістер - 1,6 есе, татарлар - 1,1 есе көбейген [8].

Қайта құру кезіндегі жаңаша пайымдау мүмкіндігі тарихи демографиялық мәселелердің кең түрде зерттелуіне серпін берді. Қазақстандық ғалымдардың алғашқы еңбектері Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстан демографиясы мәселелеріне арналды. Тарихи демографиядағы «ақтандақтардың» бетін ашуда да бірқатар жетістіктер болды. Демография мәселелері экономистер, географтар және философтарды да қызықтырды. Олар халықтану мәселесін еңбек ресурстарын пайдалану мүмкіндігі аспектісінде қарастыра отырып, тарихи демографияның кейбір мәселелеріне де назар аударып отырды. Республикамызда арнайы тарихшылар тобы құрылып, қазақстандық демографиялық мектеп те қалыптасып келеді.

Қолданылған әдебиет:

1. Донич А.Н. Народонаселение Казахстана. // Народное хозяйства Казахстана. - № 11-12, 1928 г.
2. Трублаевич Н.Д. Естественные движения сельского населения КазССР за 1924 – 1928 гг. // Народное хозяйства Казахстана. 1930, № 1-2.
3. Көлбаев Т. Ұлт зиялылары ашаршылық тұсында./http://abai.kz/.
4. Есмағамбетов К. М. Шоқай қазақтардың ашаршылыққа ұшырауы туралы» ҚазҰПУ, №2 (29), 2011. 107-114 бб.-Б.114/.
5. Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии.-Москва: Наука, 1980.
6. Жаркенова А.М. Влияние силовой модернизации на этнической и гендерный состав населения Северного Казахстан// Доклады Казахской академии образования. –Астана, 2010. -№4. –С.95-100; Изменения этнодемографической структуры населения Казахстана до Великой Отечественной войны// Проблемы народонаселения в зеркале истории. VI-е Валентеевские чтения: сборник материалов международной научной конференции. – Москва, 2010. - Т.2. - С.110-118
7. Аман Ә.Б.«Батыс Қазақстанның ауыл халқы: тарихи-демографиялық аспект (XX ғасырдың 20-80 жылдары)»:автореферат. – Орал, 2009.
8. Төлекова М.К. Жетісу өңірі халқының әлеуметтік-демографиялық дамуы (1897-1999 жж.): автореф. – Алматы, 2003.

УДК 961/959 (5Каз)

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БИЛЕР ИНСТИТУТЫ

Құлмырза Мадина Мұратқызы

kulmyrza_mm@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Б.С. Малыбаева

Қаншама жылдар өткенімен есімдері тарих сахнасында, ел жадында алтын әріппен ойып жазылған және еш уақытта өшпейтін қайсар тұлғалар болады. Сондай көрнекті тұлғалардың бірі – Әлихан Бөкейханов. Оның жан-жақтылығы ең басты зиялылығын дәлелдейтін құрал болды. Ол таза ғалым, экономист, тарихшы, этнограф, аудармашы, публицист және өз ұлтының біртуар көсемі.

Әлихан Бөкейхан – қазақ тарихында «қыр баласы» ретінде танымал ірі тарихи тұлға [1, 159 б.].

Оның жан-жақты қасиеттерін жоғары да атап өткеніме сай, ол тек Алаш қозғалысының жетекшісі ғана болған жоқ. Сонымен қатар ол бізге өзінің танымал еңбектерімен белгілі талантты зерттеуші-ғалым екені баршамызға аян. Сондықтан оның